

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2016 – 2017 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 маусымдағы № 354 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 134 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі!

2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2016 – 2017 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 маусымдағы № 354 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2016 – 2017 оқу жылына арналған мемлекеттік білім тапсырысында:

"Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" деген бөлімде:

мына:

"

Магистратураға қабылдау

Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Жылына 1 магистрантты оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
	2016 жылғы 4 айға	2017 жылғы 8 айға
1	2	3
180	1 698,0	3 396,0

"

деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

Магистратураға қабылдау

Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Жылына 1 магистрантты оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
	2016 жылғы 4 айға	2017 жылғы 8 айға
1	2	3
74	1 719,6	3 396,0

".

,

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты болып табылатын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы

Магистратураға қабылдау

Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Жылына 1 магистрантты оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
	2016 жылғы 4 айға	2017 жылғы 8 айға
1	2	3
60	1 516,2	2 457,6

".

,

мына:

"

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының PhD докторантурасына қабылдау

Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Жылына 1 білім алушыға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
	2016 жылғы 4 айға	2017 жылғы 8 айға
1	2	3
12	2 234,0	4 468,0

"

деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының PhD докторантурасына қабылдау

Мемлекеттік білім беру тапсырысы	Жылына 1 білім алушыға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)	
	2016 жылғы 4 айға	2017 жылғы 8 айға
1	2	3
7	2 236,1	4 468,0

"

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев